

**Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу
жөніндегі аудандық үшжақты комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

№ 1

Қаратөбе селосы

29 наурыз 2018 ж.

Төрағалық еткен: Ж.Сұлтан – Қаратөбе ауданы әкімінің орынбасары.

Отырысқа қатысқандар: комиссия мүшелері және шақырылғандар (тізім бойынша)

1. Әлеуметтік әріптестікпен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі аудандық үшжақты комиссия жұмыс жоспарын бекіту туралы

1.1. Баяндаушының ақпараты назарға алынсын

2. Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы жергілікті органдардың атқарған жұмысы туралы

(Н.Жумагалева, Ф.Қайырғалиев, Т.Қазиев)

2.1 Баяндаушылардың ақпараты назарға алынсын.

2.2 АӘК алушылардың табыстарының асып кетуіне жол бермеу

2.3 «Жайық пресс» ЖШС-ң Қаратөбе филиалына бұқаралық ақпарат құралдарына әр ауылдық округ бойынша АӘК қаражатына мал алып малданған отбасылар туралы мақалалар жариялау

2.4. Ауылдық округ әкімдері АӘК қаражатына алынған мал басын жойдырмау бағытында жұмыстану

2.5. Ауылдық округ әкімдері АӘК алушы отбасыларды 3-тоқсанға қайтадан құжат тапсыртуды бақылауға алу

2.6. Ауылдық округ әкімдері мал алған АӘК алушы отбасын мүмкіндігінше қолдау бағытында шаруа қожалық жетекшілерінің қысқы азық-түлікпен (шөппен) көмектесуін қамтамасыз ету

2.7 Ауылдық округ әкімдері ауылдық округтердегі малданған АӘК алушы отбасыларды атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылар қатарынан есептен шығармауды бақылауға алынсын.

2.8 Ауылдық округ әкімдері мемлекеттің беріп отырған қамқорлығын толықтай пайдалана отырып атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасыларын, қоғамға қосу бағытында түсінік жұмыстарын жүргізу

3. Аудан бойынша мәртебесі анықталып тұрған «зейнетақы аударымы жоқ» азаматтардың жұмыс берушілермен еңбек қатынастарын заңдастырып және жеке кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтарды, белгіленген тәртіппен жеке кәсіпкер ретінде тіркелуін жүйелі түрде жүргізуде атқарылған жұмыстары туралы:

(Ж.Сұлтан, Отаубаев А, Жумагалева Н)

3.1 Баяндаушылардың ақпараты назарға алынсын.

3.2 Зейнетақы аударымдары жоқ азаматтарды хат жазып қана қоймай, жұмысты аяғына дейін жеткізу, мәліметті 1 күн мерзімде аяқтау.


3.3 Аудандық білім беру бөлімімен бірлесіп студенттерді анықтауды толық аяқтау

4. Салалық кәсіподақтар ұйымдарының жұмысы туралы.

(Ж.Сұлтан, М.Шамшенов)

- 4.1 Баяндаушылардың ақпараты назарға алынсын.
 - 4.2 Аудан әкімі орынбасарының қатысуымен жалпы мәдени сала қызметкерлерінің жалпы жиналысын өткізу
 - 4.3 Бір апта мезгілде қызметкерлерді кәсіподақ мүшелігіне тарту бағытында жұмыстансын.
5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Қаратөбе аудандық жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Б.Жүсіпкалиға жүктелсін.

**Әлеуметтік әріптестік пен
әлеуметтік және еңбек қатынастарын
реттеу жөніндегі аудандық
үшжақты комиссия төрағасы,
аудан әкімінің орынбасары**



Ж.Сұлтан